

**Білім алушылардың білім жетістіктерінің
мониторингі бойынша
Тест өткізушіге арналған сценарий**

Астана 2026

	Мазмұны	
Кіріспе		3
Академиялық адалдық		3
Тестілеу өтетін күні		4
Тестілеудің басталуы		4
Сауалнамаға өту		10
ББЖМ аяқталуы		11
Ережені бұзушылық		11
Қосымшалар		11

Кіріспе

Бұл сценарий бастауыш және орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу бойынша нұсқаулықтарды қамтиды.

Сценарий ББЖМ жүргізуге жауапты Тест әкімшісіне арналған.

Тест әкімшісі – тестілеу өткізілетін әрбір аудиторияда мектеп білім алушылар үшін тестілеу және сауалнама жүргізуді жүзеге асырады. Әр аудиторияға бір тест әкімшісі тағайындалады, ол берілген сценарийге сәйкес ББЖМ тікелей жүргізеді. Тест әкімшісінің міндеті - аудиторияларда білім алушыларды тестілеу және сауалнама жүргізуді барынша сапалы өткізу, тестілеу деректерінің **құпиялылығын** сақтауды қамтамасыз ету.

ҚР "Білім туралы" Заңының 55-бабына сәйкес ББЖМ білім алушылар білімінің сапасын бастауыш және негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкестігіне бағалау мақсатында жүзеге асырылады.

Тестілеу кезінде келесі тармақтарға ерекше назар аудару қажет:

Білім алушылардың қатысуы:

- Білім алушыларды тестілеу басталғаннан немесе сауалнаманы толтыра бастағаннан кейін кіргізуге болмайды. Тестілеуге қатысу үшін білім алушылардың тестілеудің бірінші бөлігінің басында қатысуы керек. Бұл барлық қатысушы мектептерде стандартты тестілеу процедураларын сақтау үшін өте маңызды.

- Білім алушылар тестілеуден кетпеуі керек, егер бұл өте маңызды болмаса.
- Егер білім алушы тестілеуді аяқтай алмаса (мысалы, ол ауырып қалды) немесе шұғыл кету керек болды, олардың материалдарын жинау керек.

☐ *Білім алушыларға көмек*

- Тест әкімшісі тест кезінде білім алушылар пайдалану үшін таза парақтарды немесе блокнотты ұсына алады. Дегенмен, білім алушыларға бұл материалдарды кез келген уақытта тестілеу кабинетінен шығаруға рұқсат етілмейді. Тест әкімшісі тест аяқталғаннан кейін осы материалдарды жинап, оларды тиісті түрде тастауы керек.

- Тест әкімшісі білім алушыларға тестілеу пункттерінің ешқайсысына көмектесе алмайды. Дегенмен, сіз білім алушыларға арналған сауалнама бойынша сұрақтарға жауап бере аласыз.

- Тестілеуді ертерек аяқтаған білім алушыларға өз жұмыстарын қарап шығуды немесе басқа тестілеушілер аяқталғанша күтуді ұсыну керек.

- Когнитивті тесттің үш бөлімі бар (оқу, математика, жаратылыстану), тесттің әр бөлімі аяқталғаннан кейін білім алушылар жауаптарын тексеруге немесе өзгертуге орала алмайды.

- Білім алушыларға кабинетке ұялы телефондар, бейнекамералар, смарт-сағаттар және басқа да электрондық құрылғыларды әкелуге рұқсат етілмейді

- Білім алушыларға тестілеу кабинетіне қандай да бір материалдарды енгізуге рұқсат етілмейді. Мысалы: кестелер, формулалар, дәптерлер және т. б.

Академиялық адалдық

ББЖМ шеңберіндегі құпиялылық маңызды рөл атқарады және нақты объективті нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Сондықтан тест әкімшісімен тестілеу кезінде тестілеуге қатысты кез келген материалдарды көшіруге, суретке түсіруге қатаң тыйым салынады. Сонымен қатар, тестілеу кезінде аудиторияға бөгде адамдарды кіргізуге тыйым салынады. Аудиторияда тек тест өткізушісі мен білім алушылар болуы керек, компьютерлерде немесе желіде техникалық ақаулар туындаған жағдайда IT маманын шақыруға болады. Тестілеу кезінде аудиториядан шығуға тыйым салынады, ешбір жағдайда ешкімге тест тапсырмаларын бейне, аудиожазба және фотоға түсіруіне жол бермеу қажет.

Тестілеу өтетін күні

1. Тестілеу басталар алдында кемінде 1 сағат бұрын мектепке келу.
2. Аудиторияны, компьютерлер санын тексеру және интернеттің барына көз жеткізу. (4 және 9-сынып оқушылары бөлек аудиторияларда немесе басқа ілекте тапсыру керек).
3. Мектеп үйлестірушісінен таза парақтар, қосымша қаламдар және көркем кітап сұраңыз.
4. IT маманымен бірге әр компьютерде сілтемелер арқылы тестілеу платформасының терезесін ашып дайындап қойыңыз. Сілтемелер әр мектепке алдын ала жіберіледі.
5. Білім алушыларға платформаға кіру формасын (логин мен пароль жазылған) дайындаңыз.

Тестілеудің басталуы

Білім алушыларды отырғызуды бастамас бұрын, барлық компьютерлерде тестілеу сілтемесі іске қосылғанына көз жеткізіңіз.

Білім алушыларға аудиторияға кіруге және өз орындарына орналасуына рұқсат етіңіз.

Білім алушыларға өздерімен бірге қаламдар, қарындаштар, таза парақтар, сондай-ақ бөтелкедегі жапсырмасыз су алып жүруге рұқсат етіледі.

Көлеңкеленбеген өрістердегі мәтін Сізге арналған нұсқаулар мен ақпарат болып табылады. Бұл мәтін білім алушылар үшін дауыстап оқылмауы керек.

Сұр түске боялмаған мәтін Сізге арналған нұсқаулар мен ақпарат болып табылады. Оларды білім алушыларға дауыстап оқымаңыз.

Білім алушылардың барлығы бірдей нұсқаулықтар алуы үшін және маңызды ақпаратты оқуды ұмытып кетпеуіңіз үшін **сұр түске боялған мәтінді мүмкіндігінше сөзбе-сөз оқуыңыз қажет.**

Басталуы: 1-сессия 9:00 (8:30)

2-сессия 13:00

ТЕСТІЛЕУДІ БАСТАУ ҮШІН АЙТЫҢЫЗ:

Сәлеметсіздер ме! Мен, **[аты-жөніңізді атаңыз]** тест әкімшісімін. Тестілеуді бастамас бұрын, мобильді құрылғылардың немесе басқа бөгде заттардың жоғына көз жеткізіңіздер. Егер сіздерде телефон болған жағдайда, оларды қазір

тапсырыңыздар. Тестілеу кезінде суретке түсіруге немесе бейнежазба жасауға тыйым салынады.

Білім алушылардың телефондарын (бар болса) **ЖИНАП** алыңыз.

ОДАН КЕЙІН АЙТЫҢЫЗ:

Қазір мен сіздерге тестілеу материалдарын таратып беремін. Мен айтпайынша компьютерге кірмеңіздер.

Білім алушылардың аттарын атап, тестілеу платформасына кіруге арналған логин мен пароль көрсетілген тестілеу формаларын және таза парақтарын **ТАРАТЫП БЕРІҢІЗ**.

Формаларды таратып бергеннен кейін тестілеуді бастаңыз.

Ескерту: жүйе арқылы тестілеуді тек 08-30-дан 19-00-ге дейін жүргізуге болады.

Тестілеу материалдарын тарату кезінде әр білім алушының арнайы өзіне белгіленген Жүйеге кіру формасын алғанына көз жеткізіңіз. Егер білім алушы тестілеуге келмесе оның Жүйеге кіру формасын шетке қойып қойыңыз. Оны ешкімге бермеңіз.

Білім алушылардың барлығы жүйеге кірге алғанына **КӨЗ ЖЕТКІЗІҢІЗ**.

ОДАН КЕЙІН АЙТЫҢЫЗ:

Сіздер білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингін кешенді тестілеуге қатысқалы отырсыздар. Бұл тестілеу сіздердің білімдеріңізді, дағдыларыңызды бағалау мақсатында жүргізіледі. Біз сіздерден тест тапсырмаларын орындауға бар күш-жігеріңізді салуыңызды сұраймыз. Тестілеу екі бөлімнен тұрады, бірінші бөлім — тест, ал екінші бөлім — сауалнама. Алдымен тестілеуден, содан кейін сауалнамадан өту керек.

Тестілеу қорытындысы бойынша орта білім берудің сапасы мен мазмұнын жақсарту бойынша жұмыстар жүргізілетін болады.

ББЖМ тест тапсырмаларын орындауға бөлінген уақыт:

ӘРІ ҚАРАЙ ТЕСТІЛЕНЕТІН СЫНЫПҚА ҚАТЫСТЫ АҚПАРАТТЫ ОҚЫҢЫЗ

4-сыныптарда –

Тестілеу бірнеше үзіліспен 154 минутқа (2 сағат 34 минут) созылады.

9-сыныптарда –

Тестілеу бірнеше үзіліспен 189 минутқа (3 сағат 9 минут) созылады.


Алдарыңызда тұрған Жүйеге кіру формасындағы аты-жөніңіз туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеріңіз.

Егер формада сіздің атыңыз жазылмаса, қолыңызды көтеріңіз.

Егер білім алушылардың ақпараты қате болса, оларды тестілеуге іріктелген білім алушылар тізімімен салыстыру арқылы олардың дұрыс Жүйеге кіру формасын алғанына көз жеткізіңіз. Егер білім алушының формасы болмаған жағдайда резервтегі форманы алып білім алушыға беріңіз.

ОДАН КЕЙІН АЙТЫҢЫЗ:

Сіздердің алдарыңызда логин мен құпия сөзді енгізуге арналған авторизация терезесі ашылған.



Жүйеге кіру формасына қарауларыңызды өтінемін. Осы формада жазылған логин мен құпия сөзді енгізіңіз.

Егер құпия сөз дұрыс енгізілмесе, қате туралы хабарламаны көресіздер. Егер көмек қажет болса, қолдарыңызды көтеріңіздер.

Платформа интерфейсінің тілін тексеріңіз. Тілді экранның оң жақ жоғарғы бұрышында өзгертуге болады.

Барлық деректерді енгізгеннен кейін, «Кіру» түймесін басыңыз. Осыдан кейін қысқаша нұсқаулық ашылады. Сіздерге оны мұқият оқып шығу керек.

Добро пожаловать!

Вы принимаете участие в тестировании Мониторинг образовательных достижений обучающихся.

Вам необходимо ответить на вопросы по **чтению, математике, естествознанию**.

У вас будет **2 часа 34 минуты** до завершения тестирования.

Во время тестирования вы можете перемещаться внутри одного предмета. Но как только вы завершите один предмет и перейдете на следующий возможности вернуться на предыдущий предмет не будет.

Внимательно прочитайте каждый вопрос и сделайте все возможное, чтобы ответить на все вопросы.

Далее

Нұсқаулықпен танысқаннан кейін «Келесі» түймесін басыңыз

Содан кейін «Тестілеуді бастау» түймешігін басу керек терезе ашылады.

Начните тестирование

Начните тестирование

Сценарийді оқуды жалғастырмас бұрын, білім алушылардың барлығы бірдей терезеде екеніне **КӨЗ ЖЕТКІЗІҢІЗ**.

ОДАН КЕЙІН АЙТЫҢЫЗ:

4 және 9 сыныптарға:

Енді біз тестілеуді бастайын деп жатырмыз. Әр бағыт үшін сізде белгілі бір уақыт болады, оны сіз экранның жоғарғы жағында көресіз. Тестілеу аяқталғаннан кейін сауалнама сұрақтарына жауап беру керек.

Үзіліс болатын уақытты мен хабарлап отырамын.

Тапсырмаларды берілген уақыт ішінде мүмкіндігінше толық орындаңыздар. Егер тапсырма тым қиын болып көрінсе, келесі тапсырмаға өтіңіздер. Кейінірек бұл тапсырмаға қайта оралуға болады. Бір пәнді аяқтағаннан кейін, «Келесі пән» батырмасын басу керек.

Тестілеу кезінде сіз бір пәннің ішінде жүре аласыз. Бірақ сіз бір пәнді аяқтап, келесі пәнге өткеннен кейін, алдыңғы пәнге оралу мүмкіндігі болмайды.

Бір пәннің ішіндегі сұрақтар арасында ауысу үшін «алдыңғы», «келесі» батырмаларын пайдаланыңыз. Сондай-ақ, сұрақтар арасында ауысу үшін сұрақ нөмірін (тапсырманың үстіндегі сандар) пайдалануға болады

(9-сыныптар үшін оқыңыз)

Назар аударыңыз, Егер Химия сұрақтарында Менделеев кестесін немесе тұздардың ерігіштік кестесін қолдану қажет болса, онда олар экранның төменгі сол жағында көрсетіледі. Осы кестені басу арқылы сурет ұлғаяды, егер сізге суретті одан да үлкен ету қажет болса, тінтуірдің көмегімен айналдыру қажет болады.

9-сыныптарда калькуляторларды пайдалану қарастырылған математика мен физиканың тест сұрақтарында калькулятор экранның жоғарғы жағында орналасады, оны басу керек, қайтадан басу калькуляторды азайтады.

Қаласаңыз, кез келген уақытта таза парақтарды, қаламды, қарындашты пайдалануға болады.

Енді экранда сіз пән және қысқаша нұсқаулықты көресіз. Тестілеуді бастау үшін «Тестілеуге өту» түймесін басыңыз.

Қазақ тілі

48a5

Бұл пән 10 сұрақтан тұрады.

Сізге барлық сұрақтарға жауап беру үшін 25 минут беріледі.

Аяқтар алдында жауаптарыңызды тексеріп шығуға ұмытпаңыз.

Тестілеуге өту

ТЕСТІЛЕУДІ БАСТАУҒА БОЛАДЫ

Экранда «сіз сенімдісіз бе?» қалқымалы терезесі пайда болды, "Иә"түймесін басыңыз.

ТАЙМЕРДІ ҚОСЫҢЫЗ және үзіліс жасау үшін уақытты қадағалаңыз

Білім алушыларды **БАҚЫЛАҢЫЗ**. Оларда мобильді телефонның жоқтығына көз жеткізіңіз.

Мектеп үйлестірушісі алдын ала дайындап қойған қатысу формасын **ТОЛТЫРЫҢЫЗ**. Білім алушы келмеген жағдайда, мектеп үйлестірушісінен оның келмеу себебін растайтын анықтама немесе бұйрықты сұраңыз.

Сынып	Пән	Тест орындау уақыты (мин)
4	Математика	20
	Үзіліс	2 пән таймеріне енгізілген, сондықтан үзіліс 2 минуттан аспауы керек
	Математика	20
	Үзіліс	5
	Жаратылыстану	20
	Үзіліс	2 пән таймеріне енгізілген, сондықтан үзіліс 2 минуттан аспауы керек
	Жаратылыстану	20
	Үзіліс	5
	Оқыту тілі (қазақ / орыс)	25
	Үзіліс	10
	Сауалнама	25
Барлығы:		154

Сынып	Пән	Тест орындау уақыты (мин)
9	Математика	20
	Үзіліс	2 пән таймеріне енгізілген, сондықтан үзіліс 2 минуттан аспауы керек
	Математика	20
	Үзіліс	5
	Жаратылыстану (Физика, География)	30
	Үзіліс	2
	Жаратылыстану (Химия, Биология)	30
	Үзіліс	5
	Оқыту тілі (қазақ / орыс)	35
	Үзіліс	10
	Сауалнама	30
Барлығы:		189

Жоғарыдағы кестеге сәйкес үзілістерді еске түсіріңіз.

Үзілістер:

2 минут пәндер таймеріне енгізілген: математика (4 және 9 сыныптар) және жаратылыстану (4 сынып).

География пәні бойынша тест аяқталғаннан кейін студенттерге 2 минут уақыт беру керек,

Сондай-ақ, білім алушыларға пәндер арасында 5 минут және сауалнама алдында 10 минут уақыт беру керек.

МАҢЫЗДЫ! Үзіліс уақытын сақтаңыз, әйтпесе білім алушылар тестілеуді аяқтауға үлгермейді.

АЙТЫҢЫЗ:

Егер қаласаңыздар, орындарыңыздан тұрып, бой жазып алуларыңызға болады. Бірақ бір-біріңізбен тест туралы сөйлеспей, тыныштық сақтауларыңызды өтінемін.

Егер Сіздерде техникалық қиындықтар болса, маған айтыңыздар.

Үзіліс кезінде өткізіп алған сұрақтарға қайта орала алмай немесе келесі бөлімге өте алмай жатқан білім алушыларға көмек беріңіз.

Үзіліс уақыты аяқталғаннан кейін бітім алушылардан тестілеуді/сауалнаманы жалғастыруды сұраңыз.

АЙТЫҢЫЗ:

Орындарыңызға отырыңыздар, үзіліс уақыты аяқталды. Компьютерлеріңіз қосулы, тестілеуді жалғастыра беріңіздер. Егер компьютер экраны қара болып тұрса, оны қайта белсенді ету үшін тінтуірді сәл қозғаңыздар.

Тестілеудің яқталу уақыты жақындаған кезде «Тестті аяқтау» экранына жеткен білім алушыларға назар аударыңыз.

Сауалнамаға өту

АЙТЫҢЫЗ:

Сауалнаманы толтырмас бұрын қысқа үзіліс жасаймыз.

Таймерді **ҚОСЫҢЫЗ** (сауалнама 25-30 минут уақыт алады).

Көрсетілген уақытта сіздер сауалнамаға жауап беретін боласыздар. Бұл сауалнамада дұрыс немесе бұрыс жауаптар жоқ. Жауаптарды өзіңіздің жағдайыңызға сәйкес етіп таңдаңыз. Сұрақтарға мүмкіндігінше шынайы жауап

беріңіздер. Жауаптарыңыз құпия болып қалады және оларды Сіздің білім беру ұйымыңыздан ешкім көре алмайды.

Білім алушыларды **БАҚЫЛАҢЫЗ**. Білім алушылардың барлығы сауалнама сұрақтарына жауап бергеніне көз жеткізіңіз.

Білім алушылардың сауалнамаға қатысты сұрақтарына **ЖАУАП БЕРІҢІЗ**.

Сіз тек сұрақты нақтылай аласыз, бірақ білім алушы үшін жауап бермеңіз. Сіз бұл сұрақтарға білім алушылардың қасына барып жауап берсеңіз болады. Егер бір сұрақты бірнеше білім алушы қойса, топтық хабарлама жасаңыз.

АЙТЫҢЫЗ:

Қазір мен Жүйеге кіру формаларын жинап аламын. Мен материалдарды жинап бітпегенше, өз орындарыңызда отырып, тыныштық сақтауларыңызды өтінемін.

Білім алушының Жүйеге кіру формаларының барлығын жинап алғаныңызға көз жеткізу үшін оларды **САНАП ШЫҒЫҢЫЗ**.

Білім алушыларға тестілеуге қатысқандықтары үшін **АЛҒЫС БІЛДІРІҢІЗ**.

Білім алушыларды білім беру ұйымының тәртібіне сәйкес және Білім беру ұйымының Үйлестірушісімен жасасқан келісімнің негізінде **БОСАТЫҢЫЗ**.

ББЖМ аяқталуы

1. Жүйеге кіру үшін білім алушылардың формасы және білім алушылар қолданған парақтарды жою қажет
2. Білім алушылардың қатысу нысанын толтыру қажет (барлық аудиторияға бір).
3. Тестілеуді өткізу хаттамасын толтыру қажет (әрбір тест-әкімші өз аудиториясына толтырады)
4. Білім алушылардың жүйеге кіру формасын және әр аудиторияның тестілеуді өткізу хаттамасын тәуелсіз бақылаушыға әрі қарай «Талдау» орталығына тапсыру үшін беру қажет.

Ережені бұзушылық

1. Тестке білім алушының орнына басқа тұлға кіргені анықталған жағдайда 3-қосымшаға сәйкес Акт толтырылады.
2. Білім алушылар тыйым салынған заттарды пайдаланғаны анықталған жағдайда, білім алушыны аудиториядан шығарып, содан кейін 2-қосымшаға сәйкес Акт толтырылады.

Тыйым салынған заттарға жатады: кез келген аудио/бейне жазу құрылғылары, ұялы телефондар, және т.б.

Қосымшалар

І-қосымша

ТЕСТІЛЕУ ӨТКІЗУ ХАТТАМАСЫ

Облысы _____

Аудан _____

Қала / ауыл (елді мекеннің атауы) _____

ББҰ атауы _____

Аудиториядағы қатысушылар саны _____

1. Тестілеуді өткізу күні

--	--

 /

--	--

күн ай

2. Тест әкімшісі

_____ (аты, тегі)

3. Тестітеу тілі

Қазақ ☐

Орыс ☐

4. Уақыты

Тестілеу		Үзіліс		Сауалнама	
1. _____	_____	2. _____	3. _____	4. _____	5. _____
_____	_____	_____	_____	_____	_____
Басталуы	Аяқталуы	Басталуы	Аяқталуы	Басталуы	Аяқталуы

5. Техникалық себептер бойынша тестілеуге қатыса алмаған білім алушылар болды ма?

Егер мұндай білім алушылар болмаса, төменде "0" қойыңыз. Егер болған болса, төменде білім алушылардың санын, олардың аты-жөнін және тиісті түсініктемелерін жазыңыз

Білім алушылар саны:

6. Тестілеу жұмысын бастаған, бірақ басқа себептермен бітіре алмаған білім алушылар болды ма?

Егер мұндай білім алушылар болмаса, төменде "0" қойыңыз. Егер болған болса, төменде білім алушылардың санын, олардың аты-жөнін және тиісті түсініктемелерін жазыңыз

Білім алушылар саны:

7. Зерттеу барысында қандай да бір мәселелер туындады ма?

(техникалық мәселелер, тәртіпті бұзу, дәлізде тым қатты шу, аудитория тым тар болып шықты). Олай болса, осы мәселелерді толығырақ сипаттаңыз.

Басқа пікірлер

2-қосымша

Аудиторияда тыйым салынған заттардың тәркіленуі және тестіленушіні аудиториядан шығару туралы

Акт

Білім беру ұйымы _____

(код)

(атауы)

Күні " ____ " _____ 20 ____ жыл Уақыты _____ сағат _____ минут

Министрліктің уәкілетті өкілі _____

Т.А.Ә.

Тестілеу уақытында: № _____ аудиторияның, № _____ орнында отырған
тестіленуші Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) _____,

СЖК _____ нұсқа № _____

Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу қағидаларының
20 - тармағы бұзылғандығын дәлелдейтін төмендегі заттар табылды:

(табылған заттың атауы (маркасы, саны))

Аталған фактіні ескере отырып,
емтихан материалын алу;

тестіленуші: Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) _____,

СЖК _____, № _____

аудиториядан шығару және тестілеу нәтижелерін жою туралы шешім қабылданды

(осы актіні құрған тұлғалардың Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолдары)

Актімен таныстым:

(тестіленушінің қолы және Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

(Министрліктің уәкілетті өкілінің қолы және Т.А.Ә.)



3-қосымша

Тестілеуге кіргізу/тестілеу барысында бөгде тұлғаның анықталуы туралы

Акт

Білім беру ұйымы _____

(код)

(атауы)

Күні "____" _____ 20 ____ жыл Уақыты _____ сағат _____ минут

Министрліктің уәкілетті өкілі _____

Т.А.Ә.

Тестілеу тапсыру үшін білім беру ұйымының ғимаратына кіру/тестілеу тапсыру кезінде тестіленуші

(тестіленушінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және СЖК (бар болған жағдайда))
орнына бөгде тұлғаның

(бөгде тұлғаның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))
кіру фактісі анықталды.

Аталған фактіні ескере отырып:
Тестіленуші/тестіленушінің

(Т.А.Ә (бар болған жағдайда)., СЖК)

тестілеу өткізілетін білім беру ұйымының ғимаратына тест тапсыру үшін кіргізбеуге/емтихан материалдарын алу, № _____ аудиториядан шығару және тестілеу нәтижелерін жою туралы шешім қабылданды.

Актімен таныстырылды:

(тестіленушінің/жалған тұлғаның қолы және Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

(Министрліктің уәкілетті өкілінің қолы және Т.А.Ә.)



4-қосымша

Коды, используемые тест-администратором
Егер білім алушы тестілеуге кешігіп қалса немесе аудиториядан шығып кетсе, оған 1 «Қатысушы» кодын беріңіз және «Пікірлер (Комментарии)» бағанында қанша уақыт болмағанын көрсетіңіз. Егер білім алушы тестілеуге қатысса, бірақ ешқандай жұмыс жасамаса, бұл білім алушыға әлі де 1 «Қатысушы» коды берілуі керек.
Егер білім алушы аудиториядан шығып кетіп, ОРАЛМАСА, оны 7 «Қатысушы - ішінара аяқтау» коды ретінде жазыңыз.

«Қатысу (тестілеу)» / «сауалнама» бағандарына арналған кодтар:
1-қатысушы (қатысады)
2-білім алушы ЕБҚ себебі бойынша тестілеуге қатыспайды
3-білім алушы басқа білім беру ұйымына ауыстырылды
4-білім алушы енді осы білім беру ұйымында оқымайды және қайда ауысқаны белгісіз
5-техникалық мәселе - ішінара аяқтау
6-техникалық мәселе - бастамады
7-қатысушы - ішінара аяқтау
8-білім алушы қатысу критерийлеріне сәйкес келмейді

0 - басқа себептермен қатысқан жоқ